

**Табиғи монополия субъектілерінің қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіру мен көрсету бағаларын (тарифтерін) есептегендеге ескерілетін шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы**

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті төрағасының 1998 жылдың 15 тамыздағы N 03-2 ОД бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 1998 жылғы 5 қарашада тіркелді. Тіркеу N 634. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 30 шілдедегі N 185-НҚ бүйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Табиғи монополиялар туралы" заңының 15-ші бабын басшылыққа алып бүйірамын:

1. 1998 жылдың 14 тамыздан Алқада мақұлданған Табиғи монополия субъектілерінің қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіру мен көрсету бағаларын есептегендеге ескерілетін шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі туралы N 2/5 Нұсқаулық бекітілсін.

2. Табиғи монополияларды реттеу басқармасы (Е.Н.Попандопуло) табиғи монополия субъектілерінің қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіру мен көрсету бағаларын (тарифтерін) есептегендеге ескерілетін шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі туралы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде белгіленген тәртіpte мемлекеттік тіркеуден откізілуін қамтамасыз етсін.

3. Ұйымдық-кадрлар бөлімі осы Нұсқаулықты барлық аумақтық комитеттерге жібересін.

4. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 1996 жылғы 12 қарашада 220 номермен тіркеліп, алдында қолданылып жүрген "Шаруашылық жүргізуши субъектілер - табиғи монополияшылардың өндіретін және сататын өнімдерінің жұмыстарының, қызметтерінің өзіндік құнына кіргізілетін шығындардың құрамын және бағалар мен тарифтерді есептеу үшін кірістерді қалыптастырудың құрамын және бағалар мен тарифтерді есептеу үшін кірістерді қалыптастырудың Ерекше тәртібі", осы Нұсқаулық мемлекеттік тіркеуден откеннен соң күші жойылған деп есептелсін.

5. Осы бүйрықтың орындалуына бақылау жасау Комитет төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы Е.А.Пушкареваға жүктелсін.

**Төраға-Министр**

Қазақстан

Республикасының

Табиғи

монополияларды

реттеу

және

бәсекелестікті

корғау

жөніндегі

Комитеті

алқасының

1998

жылғы

"14"

тамыздасы

N 2/5 қаулысымен бекітілген

Табиғи

монополия

субъектілерінің

қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіру мен көрсету бағаларын (тарифтерін) есептегенде ескерілетін шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі туралы

Нұсқаулық

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқаулық "Бәсекелестікті дамыту және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақ КСР-нің, "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

2. Нұсқаулық табиғи монополия субъектілерінің қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіру мен көрсету бағаларын (тарифтерін) есептегенде ескерілетін, табиғи монополия субъектілерінің қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіру мен көрсетуге жұмсалатын шығындарын қалыптастырудың ерекше тәртібін (бұдан былай - Ерекше тәртіп) белгілейді.

3. Ерекше тәртіп бәсекелестік ортасы жоқ табиғи монополия субъектілерінің тауарлары, жұмыстары, қызметтері бағасының негізсіз өсуін бағаларға кіретін шығындарын реттеу арқылы тежеу мақсатында ендіріледі.

4. Ерекше тәртіп Қазақстан Республикасының табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік регистріне кіргізілген табиғи монополия субъектілерінің қызметтері (тауарлары, жұмыстары) бағаларын (тарифтерін) олардың меншік түріне қарамастан қалыптастыру барысында қолданылады.

5. Ерекше тәртіп төмендегідей қызмет түрлерімен айналысатын табиғи монополия субъектілеріне қолданылады:

электр және жылу қуатын беліп-тарату;

темір жол магистральдарын пайдалану;

магистральды құбыр желілерімен мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау;

магистральды және бөлу құбыр желілерімен газ және газ конденсатын тасымалдау;

жергілікті желілер жүйесін пайдалана отырып телекоммуникациялық қызметтер көрсету;

су шаруашылығы және канализация жүйелерінің қызмет көрсету;

пошта байланысының қызметтері;

аэронавигация, порттар, аэропорттар қызметтері;

Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген басқа да қызмет түрлері .

6. Табиғи монополия субъектілері қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) бағасын Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары (бұдан байlä - Өкілетті орган) белгіленген тәртіпке сәйкес бекітеді.

7. Табиғи монополия субъектісінің есеп саясаты Өкілетті және білікті органдармен келісіледі және "Ерекше тәртіптің", бухгалтерлік және салық есептерінің талаптарына сәйкес болуы керек.

## **2. Табиғи монополия субъектілерінің тауарлары, жұмыстары, қызметтері бағаларына кіретін шығындарды реттеу тәртібі**

8. Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) бағалар мен тарифтерді қалыптастыруда табиғи монополия субъектісі қызметінің негізгі түріне жататын және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің бухгалтерлік есеп және аудит әдістері Департаменті бекіткен бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес, осы Ерекше тәртіpte көрсетілген шектеулерде ескерілген шығындар есепке алынады.

9. Бағаларға (тарифтерге) кіргізілетін материалдық шығындар білікті органдарда бекітілген немесе сарапшылық бағалаудан өткен өнім (қызмет) бірлігін шығаруға жұмсалатын шикізат, материал, отын, қуат шығындау нормаларымен анықталады .

Білікті орган - салалық министрлік немесе табиғи монополия субъектісі коммуналдық меншікте болған жағдайда жергілікті атқарушы органдар.

10. Бағаларға (тарифтерге) шикізатты, материалдарды, отынды, қуатты, құрал-жабдықты сатып алуға, консалтингтік, маркетингтік қызметтер, мердігерлік әдіспен жүргізілген жөндеу жұмыстары үшін, белгіленген тәртіпке сәйкес өткізілетін тендерлердің нәтижелері бойынша анықталған сырт ұйымдар жүзеге асыратын өндірістік сипаттағы басқа да қызметтер үшін жұмсалатын шығындар енеді .

11. Бағаларға (тарифтерге) нормативтік-техникалық жоғалтулармен байланысты шығындар енеді .

Бағаларда (тарифтерде) ескерілетін техникалық жоғалтулардың нормаларын білікті орган бекітеді .

12. Техникалық қайта жарақтануға, жөндеу-қалпына келтіруге және негізгі өндірістік қорларды бабында сақтауға қажетті қаржылар осындай шараларды өткізуідің қажеттігіне құжаттық-техникалық дәлелдемесі болған жағдайда бағаларға (тарифтерге) енгізіледі. Табиғи монополия субъектісі тапсырған техникалық негіздемелерді сараптаудан өткізуге, Өкілетті орган Білікті органды немесе тәуелсіз сарапшыны тартуға құқылы.

**ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгертілді және толықтырылды - КР Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 1999.05.17. N 28-ОД бұйрығымен .**

13. Еңбекке ақы төлеу жүйесі, әкімшілік қызметкерлерге жататын жұмысшылардың категориясы, сондай-ақ өндірістік қызметкерлердің нормативті саны білікті органның Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен келісе отырып белгілеген тәртіпте анықталады

Еңбекке ақы төлеу шығымдарын есептегендеге қызметкерлердің нормативтен аспайтын накты саны есепке алынаады.

Табиғи монополия субъектілері үшін қызметкерлердің нормативті саны жыл сайын білікті орган әзірлеген және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен келісілген нормативті үлгілер негізінде белгіленеді.

Табиғи монополия субъектілері қызметкерлерінің санының нормативтік үлгілері ұйымдық-техникалық шарттардың өзгеруі және өндірістің ерекшеліктері ескеріліп, бес жылда бір реттен кем болмайтындей қайта қаралады.

Бағаларға (тарифтерге) енгізілетін өндірістік персоналдың еңбекақысын төлеу шығындары бұған дейінгі тарифтерге енгізілген еңбекақы төлеу шығындары негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық статистикалық агенттігі жариялаған мәліметтер бойынша бағалар (тарифтер) өзгеруінен алдыңғы мерзім ішіндегі инфляция индексі ескеріле отырып есептеледі.

Оқілетті орган бағаларға (тарифтерге) енгізілетін өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығындарын ұлғайтуға дәл сондай қызмет түрімен айналысадын басқа табиғи монополия субъектілерінің еңбекақы төлеу шығындарын теңеме талдау жүргізу арқылы келісім бермеу немесе өзгерту туралы шешім қабылдауға құқылды .

14. Табиғи монополия саласындағы мемлекеттік кәсіпорындардың еңбекақы төлеу шығындарын, олардың басшыларының, басшыларының орынбасарларының, бас (ага) бухгалтерлерінің қызмет жалақысының мөлшерін, сыйлықақы беру жүйесін және басқаша ынталандыруларды "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сай мемлекеттік басқару органдары осы Нұсқаулыққа сәйкес және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгілеген тәртіпте белгілейді.

15. Бағаларға (тарифтерге) пайдалану мерзіміне бірқалыпты бөлінген немесе атқарылған жұмыс, қызмет көлеміне пропорционал бөлінген (өндірістік әдіс) әдіспен негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдар енеді.

Амортизацияларды үстеудің өндірістік әдісі табиғи монополия субъектісінің қызметі тоқтатылса, активтері қозғалыссыз сақтауға, сол сияқты табиғи

монополия субъектісінің өндірістік қуатын қалпына келтіру тиімсіз деп есептелген жағдайларда білікті органмен келісе отырып қолданыла алады.

Өкілетті орган білікті органнан табиғи монополия субъектісі жариялаған негізгі құралдарды пайдалану мерзімін сараптауды талап ете алады немесе бұл жұмысқа басқа тәуелсіз сарапшыны тарта алады.

Үстеудің жылдам әдісі бойынша есептелген амортизациялық аударымдарды тарифтерге енгізу моральдық жағынан тез ескіретін негізгі құралдардың кейбір түрлері бойынша, сол сияқты жылдам қайта жарақтану және өндіріске ғылыми-техникалық жетістіктерді ендіру қажет болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Мұндайда тұтынушылар мұддесі ескерілген және бұқаралық тындаудан өткен, амортизациялық аударымдар есебінен инвестицияларды қайтару көзделген табиғи монополия субъектісінің Өкілетті органның қатысуымен білікті орган бекіткен инвестициялық бағдарламасы болуы тиіс.

Табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарын қайта бағалау білікті және Өкілетті органдармен келісіле отырып жүргізіледі. Келісілу барысында жүргізілетін қайта бағалаудың амортизациялық аударымдар мен бюджетке төлеулер арқылы тарифтерге әсерінің есебі ұсынылады.

Қайта бағалаудан кейін бағаларға (тарифтерге) енгізілетін амортизациялық аударымдардың өсуі Өкілетті органның шешімімен кезең- кезеңмен жүргізіле а л а д ы .

*ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерілді - ҚР Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 1999.05.17. N 28-ОД бұйрығымен .*

16. Тендерлік негізде алынған банк несиelerі үшін проценттер бағаларға (тарифтерге) енеді .

Мұндайда банктің ұзақ мерзімді несиelerі үшін проценттер табиғи монополия субъектісінің осы нұсқаулықтың 4 бөлімінде белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламасы аумағында ескеріледі.

17. Бағаларға (тарифтерге) заңмен белгіленген нормалар шегінде міндетті қауіпсіздендіру түрлеріне жұмсалатын шығындар қосылады.

18. Бағаларға (тарифтерге) әкімшілік мақсаттағы шығындарды қосу әдетте алдындағы тарифтерде бағалар (тарифтер) көтерілер алдындағы мерзім ішіндегі инфляция индексі ескерілген шығындар шегінде жүргізіледі.

Өкілетті орган дәл сондай қызмет түрімен айналысатын табиғи монополия субъектісі шығындарының теңеме талдау нәтижесінде не табиғи монополия субъектісінің тауар, жұмыс, қызмет сату көлемі кеміп кеткен және табиғи монополия субъектілерінің қызметінің тиімділігі төмендеген жағдайда бағаға (тарифке) қосылатын әкімшілік мақсаттағы шығындарды қысқарту туралы шешім қ а б ы л д а й а л а д ы .

Инфляция индексі үстінен әкімшілік мақсаттағы шығындарды көбейту, сол

сияқты оларға әкімшілік басқару жүйелері мен құралдарын жетілдіру аталған мақсаттарға қаржы салудың экономикалық әсерлілігінің есебін ұсынғаннан кейін тек Өкілетті органның келісімімен ғана жүргізілуі мүмкін.

19. Өкілдік шығындар, байланыстың қымбат түрлеріне, мерзімді баспасөзге, қызмет көлігіне жұмсалатын шығындарды, мәліметтік, кеңестік, маркетингілік қызметтерді бағаларға (тарифтерге) Өкілетті органмен келісілген лимит мөлшерінде табиғи монополия субъектісі енгізеді.

20. Табиғи монополия субъектісінің бағаларын (тарифтерін) қалыптастыруда мұналадар есептеле мейді:

нормадан тыс техникалық шығындар мен коммерциялық шығындар, қоймадағы тауарлық-материалдық қорлардың бүлінуі және жетімсіздігі, басқа да өндірістік емес шығыстар мен шығындар;

бұлдіргіш заттарды нормадан тыс лақтыру мен төгу үшін ақы төлеу;

ұмітсіз қарыздар;

шаруашылық келісім шарттарын бұзғаны үшін салынатын айып ақша, үстеме айып ақша, айыппұл және басқа да санкциялар;

пайданы жасырғаны (төмендеткені) үшін айып ақша, үстеме айып ақша;

ұрлықтан шегілген зиян; сапасыздықтан шегілген шығын;

қызмет көрсетуші өндірістер мен шаруашылықтарды (тегін бөлмелер беру, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарының коммуналдық қызмет ақысын төлеу) үстауға жұмсалатын шығындар;

денсаулық сақтау обьектілерін, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, оқу мекемелерін, кәсіптік-техникалық училищелерді, қызмет көрсету мерзімі білікті органмен келісілген және технологиялық мұқтаждыққа байланысты қажетті (медициналық, толық жабдықталмаған мектептер, оқыту- дайындау орталықтары на басқа);

денсаулықты нығайту лагерьлерін, мәдениет және спорт обьектілерін, тұрғын үй қоры обьектілерін үстауға жұмсалатын шығындар;

мәдени-ағарту, денсаулықты нығайту және спорттық шараларды (демалыс кештері, спектакльдер, концерттер, лекциялар, диспуттар, ғылым және мәдениет қайраткерлерімен кездесулер, жарыстар, т.б. өткізу) өткізуге арналған шығындар;

кәсіпорын қызметкерлеріне тұрғын үй жағдайын жақсартуға, саяжайлар алуға және үй шаруашылығын жүргізуге бөлінген қарыздарды (процентсіздерді қосқанда) өтеуге жұмсалатын шығындар;

саяжай серіктестіктерін көркейту (жол салу, энергиямен және сумен қамтамасыз ету, жалпы түрдегі басқа шығындар шығару) жөнінде, гараждар салу жөнінде шығындар;

қаланы көркейту, ауыл шаруашылығына көмек көрсету жөнінде атқарылған

жұмыстарға және осындай басқа да жұмыстарға жұмсалатын шығын;

қызметкерлер мен олардың балаларына кәсіпорын есебінен емделуге, демалуға, экскурсиялар мен саяхат жасауға жолдамаларды төлеу, кәсіптік ауруларды емдеуге жұмсалатын шығындардан басқа;

денсаулық сақтау органдарымен өз қызметкерлеріне медициналық көмек көрсету туралы жасалған келісім - шарт бойынша емханалар қызметіне ақы төлеу шығындары, медициналық сақтандырудың мемлекеттік қорынан басқа;

қауіпсіздендіру төлемдері (кәсіпорын өз қызметкерлерінің пайдасына жеке басты және мүлікті қауіпсіздендіру туралы жасаған келісім-шарт бойынша кәсіпорында р төлеғен жарна);

қызметкерлерге, оның ішінде балаларын тәрбиелеп отырған әйелдерге қосымша берілген (занда көрсетілгеннен тыс) демалыс үшін ақы төлеу, демалысты пайдалану орнына бару-келу жолына ақы төлеу;

демеушілік көмек көрсетудің барлық түрлері;

занда көрсетілгеннен тыс кәсіпорын қызметкерлеріне жеңілдіктер беру (қызметкерлерді тегін не арзан бағамен тамақтандыру, денсаулықты нығайту топтарына, үйрмелерге, клубтарға қатысуына, тіс жөндетуіне ақы төлеу, т.б.);

мерейтойларға немесе қызметкерлерді ынталандыру үшін берілетін сыйлықтар алуға (оның ішінде автомашина, пәтер, ұзақ мерзімді тұтыну заттары және т.б. тауарлар), сондай-ақ қызметкерлердің жеке есепшотындағы қаржының процентін ұлғайтуға жұмсалатын шығымдар;

түрғын үйге, пәтерақыға, жатақханадағы орын үшін төленетін ақы;

мектеп жасына дейінгі мекемелердегі, демалыс үйлері мен сауықтыру лагерлеріндегі балаларды тамақтандыру үшін қаржының орнын толтыру; ұжымдық шартта белгіленген мақсаттарға сай кәсіподактарға қаржы аудару.

### **3. Табиғи монополия субъектілерінің бағаларына (тарифтеріне) қосылатын пайданы шектеу**

21. Пайда табиғи монополия субъектісінің бағасына (тарифтеріне) Өкілетті орган бекіткен іске қосылған активтер (негізгі құралдар мен таза айналым капиталы) ставкасы бойынша қосылады.

Табиғи монополия субъектісінің таза айналым капиталы былайша анықталады :

ақшалай қаржы қосу тауарлы-материалдық қорлар алу ағымдағы міндеттемелер, мұның ішінде:

ақшалай қаржы өзіне мынадай баптарды қосады -

- 1) қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар;
- 2) жолдағы ақшалай аударымдар;
- 3) банкілердегі арнайы шоттағы ақшалай қаржы;

- 4) аккредитив түріндегі ақшалай қаржы;
- 5) валюталық шоттағы қолма-қол ақша;
- 6) кассадағы қолма-қол ақша тауарлы-материалдық қорлар -
  - 1) қысқа мерзімді несиелер;
  - 2) аяқталмаған өндіріс;
  - 3) тауарлар ағымдағы міндеттемелер -
- 1) қысқа мерзімді несиелер;
- 2) салық бойынша қарыздар;
- 3) үстемеленген шығындар;

4) несиелік қарыз.

#### **4. Табиғи монополия субъектілерінің инвестициялары**

22. Табиғи монополия субъектілерінің инвестиациялық бағдарламаларын Өкілетті органмен келісе отырып білікті орган бекітеді.

23. Инвестициялар табиғи монополия субъектісінің өз қаржысы немесе қарызға алған қаржысы есебінен жүзеге асырыла алады.

Кәсіпорынның өз қаржысының көзі болып таза кіріс (пайда) және амортизациялық аударымдар табылады.

Қарызға алынған қаржы таза кіріс және (немесе) амортизациялық аударымдар есебінен қайтарылуға тиіс.

#### **5. Ерекше тәртіптің бұзылғаны үшін жауапкершілік**

24. Ерекше тәртіптің бұзылуына жол берген табиғи монополия субъектілері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.